



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**КОМПОЗИТОР АЛТЫНБЕК ҚОРАЗБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
ЖАҢАШЫЛДЫҚ БАҒЫТТАР****Бесбаев Мейрамбек Әбіләшімұлы**ra2030@mail.ru

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Мәдениеттану» мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ғарифолла Есім

Әрбір шығармашылық жолға түскен адамның жанына керек қасиеттердің бірі ол – еркіндік. Тек еркін ойлайтын адам ғана жанынан әуен шығарып, ол әуенін құстай самғатып жоғарыға, ой елегінен өткізіп төменге қондырып, әнмен жан сезімін жеткізе алады. Композитордың ойы қаншалықты еркін болса, сондайлық әуендері әдемі болып келеді. Ән шығарушы адамға тағы бір керек қасиет – әдемілікті көре білу. Жәй адамдар байқай бермейтін, көре қоймайтын табиғат сұлулығын нәзік сезім иелері бірден байқап, көреді. Сол сұлулықты көріп, тамсанудан, ләззат алудан, жан рахатының нәтижесінде, тәңірдің берген ерекше қасиетінің арқасында жаңа әуен туады.

Композитордың нағыз өз мамандығының иесі болып болып қалыптасуына, жаратушының сыйға берген қасиетінен басқа, бала күнінде естіген, білген әуендері сөзсіз әсер етеді. Мысалы халықтық әуендер естіп өскен композиторлардың шығармаларында міндетті түрде халықтық интонациялар болады. Ол әуендер міндетті түрде елдің көпшілігіне ұнайды, себебі әуендегі таныс интонациялар оларға бұрын бала кездерінде естіген бір әуендерді еске түсіреді, сол арқылы балалық шаққа деген сағынышын оятады. Жалпы адам баласы қай халықтың музыкасын, немесе қайсыбір жанрды көп тыңдаса, уақыт өте келе сол сияқты, немесе дәл сол музыканы іздеп тыңдайды. Ал, композиторлық қабілеті бар адам болса өз шығармаларында сол жадында бала күнінен естіп жатталып қалған әуендерді міндетті түрде қосады.

Біздің мақаламызға негіз болып отырған композитор Алтынбек Қоразбаевтың шығармашылығының да өзіндік қолтаңбасы бар. Оның әуендеріндегі халық әндерінің интонациясы, ән құрылысы, бұрыннан естіп жүрген халық әндерінің жалғасындай естіледі. Композитордың өзі анасының әнші болып, бала күнінде халық әндерін сол кісіден тыңдап өскенін көптеген естеліктерінде айтады. Анасы Әлдила өз ортасында, ауыл арасында сыйла әнші болған деседі. Тіпті бірде бала Алтынбек ауырып жатқанда анасы әнмен әлдилеп ұйықтатып, содан жазылып кеткендігі туралы композитордың өмірбаянына байланысты естілік кітабында былай деп жазылған: «Анасының әсем үнін тыңдап жатып, Алтынбек тағы да мызғып кеткен екен, сол жатқаннан бас көтерместен біразға дейін ұйықтады. Бір кезде оянып кетсе, басы сап-сау, өзі ұйқысы қанып, әжептәуір тынығып қалғанға ұқсайды. Оны жазып жіберген – анасының манадан айтқан әндері секілді көрініп кетті. Ал сол бір әсем әуендер құлағында мәңгілік қалып қойды» [1, 17]. Анасының әсем әндерінен басқа композитор Алтынбек Қоразбаевтың музыкалық жадының қалыптасуына бала күнінен естіп өскен ауылдағы күйшілер Пермеш, Ақжол ақсақалдардың күйлері, және көрші қырғыз елінің ән-күйлері әсер еткені сөзсіз. Себебі сазгердің туып өскен жері қырғыз жерімен шекараласып жатқан Жамбыл облысы Меркі ауданының Қызылсай ауыл еді. Одан басқа сазгердің музыкалық қабілетінің ашылуына, оған бала күнінде сырнай және мандолин сынды музыкалық аспаптар сатып алып берген туған әкесі Қоразбай мен ағасы Бескемпірдің үлесі болғаны сөзсіз. Сондай-ақ, бір естелігінде, бала күнінде әкесі Алматыдан патефон, онымен бірге жалғыз ғана «Кенен Әзірбаев әндері» деген пластинка алып келгенін жазады. Сөйтіп бала Алтынбек таңнан кешке дейін Кенен атаның әндерін сіңіріп әбден жаттап алып, бойына сіңіреді. Сол себепті де ең алғаш сахнаға әнші ретінде шыққан кезде, ол Кенекеннің әндерін орындап шығады.

Сазгер Алтынбек Қоразбаевтың тырнақалды әндері әртүрлі тақырыптарға арналған: «Жүз жасаңыз Кенен ата», «Сағындым Кенен атамды», «Сағындым Алматымды», «Сағыныш саздары», «Ақ дегелек», «Қара кемпір», «Қара шал» т.б. Соңғы, «қара» тақырыбындағы әндері бірнеше жыл бойына туындап, тұтастай циклды құрады.

Әдебиет пен өнерде «қара» сөзі көп кездеседі. Мысалы күйлердің ішінде - «Қара жорға», әндерде – «Қаракөз», «Қара ат», «Қара кер жорға», «қара өлең», әдебиетте – «қара сөз» деген ұғым мен атаулар көп кездеседі. «Қара өлең» тақырыбын терең зерттеген, сол жөнінде диссертация жазған белгілі ғалым Ақселеу Сейдімбеков «қара» сөзінің мәнін ашықтауға тырысады. Зерттеуші өзінің «Мың бір маржан» атты еңбегінде, «қара», «өлең» сөздерінің этимологиясы туралы жазған ғалымдардың ой-пікірлеріне талдау жасап, бұл тақырыпты қорытады [3]. Осы мәселеге тоқталған зерттеушілер санаулы болғандықтан, әрқайсысының пікірін келтіре кеткен орынды.

Ең алғаш бұл тақырыпқа Назар аударған танымал ғалым Сәбетқазы Ақатаев өз еңбегінде: «Қазақтың «қара» деген сөзі заттар мен құбылыстардың тек түсін ғана білдіріп қана қоймайды. «Қара» – байырғы, көне, ескі, мәңгі, өзгермейтін. Мәселен, қара шаңырақ, Қара Ертіс, Қара–хан... бұл атаулар «ежелгі», «ескі», «мәңгі» мағынаны білдіреді. Қара – әдемінің әуелгі жайы [мрак, хаос], әлемнің күн түспейтін солтүстік жағы, мәселен Қара теңіз – солтүстік теңіз мағынасында» [4,114] – деп жазады. Қысқаша айтқанда, «қара» атаулының бәрін ескі, көне деген мағынамен байланыстырады. Ғалымның бұл пікіріне Ақселеу Сейдімбеков өз еңбегінде талдау жасап, баға беріп, сәл төтесінен шығатын өз пікірін ортаға салып: «Қара өлең, яғни халық арманындай қасиетті өлең, екіншісі бірі айтатын көп өлең, жұрт сүйетін жағымды өлең деген сөз» – [3,77]. Өз тұжырымына Ақселеу Сейдімбеков «қара» сөзімен байланысты сөздерді «қасиетті» деген ұғыммен байланыстырады. Бұл пікіріне байланысты автор еңбегінде көптеген дәлелдер келтіреді.

Осы тақырыпқа нақтылы тоқталған тағы бір зерттеуші-ғалым Оразақын Асқар. Қара өлеңге арналған жинағының алғы сөзінде ғалым: «Қара өлең» дегеніміз ежелгі сөз ұланту. Байырғы өлең, өлеңнің бастапқы қалпы деген сөз. Қара тау, қара халық, қара сөз, қара жол деген тіркестердегі анықтауыштар да тек түсті білдіріп тұрмағандығы енді түсінікті: ежелгі тау, негізгі халық, бастапқы сөз, басты жол деген ұғым беретіндігі анық» [5, 4] – дейді. Әрине, оқырман қауымға бұл пікір жаңалық туғызғандай болған жоқ, себебі бұл ойдың да түйіні жоғарыда айтылған Сәбетқазы Ақатаевтың пікірімен сабақтасып жатыр.

Зерттеушілердің пікірін қорыта келе, «қара» сөзінің екі түрлі мағынасын бекітуге болады, ол «ескі, көне», және «қасиетті» деген ұғымдар. Яғни, «қара» дегеніміз – ескі, қасиетті деген мағынаны білдіреді.

Сазгер А. Қоразбаевтың «Қара кемпір», «Қара шал» әндерінен соң «Қара бала», «Қара қыз», «Қара тон», «Қара пима» деген әндері әр кезеңдерде дүниеге келді. Олардың барлығы да сол заттардың түсін емес, «қара» деген қасиетті ұғым екенін білдіртіп тұр. Осындай «қара» деген бір сөздің ізімен циклді бірнеше ән шығару – сазгердің қазақ өнеріне енгізген жаңашылдығы деп айтса болады.

Жаңа дәуір композиторларының ішінде шығармашылығы сал-серілік дәстүрмен, XIX ғасырдағы кәсіби әнші-композиторлардың шығармашылығымен тығыз байланысты сазгерлеріміз санаулы ғана. Бұл жағынан да жаңашылдық енгізген композиторларымыздың бірі - Алтынбек Қоразбаев. Арқа әншілік дәстүрінде мүшел жасқа арналған Үкілі Ыбырайдың, Салғараның «Жиырма бес» деген әні белгілі. А.Қоразбаевтың да осы тақырыпқа арналған «Ай-хай, жиырма бес» деген әзіл әні бар. Батыс кәсіби әншілік дәстүрінің негізін қалаған Мұхит Мерәліұлының «Дүние-ай» деген әні болса, онымен аттас ән де А.Қоразбаевтың шығармашылығында кездеседі. Екі ғасыр жаршысы болған, Жетісу кәсіби ән мектебінің негізін қалаған Кенен атамның 12 жасында шығарған «Бозторғай» деген, құрылымы жағынан аса күрделі әні бар. Бұл әннің өзі XIX ғасырдағы кәсіби әншілік контекстінде үлкен жаңалық болғанын музыка зерттеушісі Г.Абдрахман жазады: «Трактовка образа жаворонка в «Бозторғай» Кенена стала новым явлением в казахской устной поэзии» [6,78]. Ол әнде бала Кенен қой бағып жүріп, мұңын, зарын, басыдағы қиыншылығын

айналасындағы адамдарға айта алмай, табиғаттан тапқан досы - ұшып жүрген бозторғайға айтады. Дәл сондай құбылысты, баланың бозторғайға зарын айтқанын – А.Қоразбаев өзінің «Бозторғай» деген әнінде келтіреді. Бұл туралы ғалым Г.Абдрахман ойын былай жалғастырады: «Сохраняя кененовскую трактовку, предложенную им семантику образа, авторы оставляют без изменения и свойственную его песне форму «обращения к жаворонку» от первого лица, ставшую важнейшим выразительным приемом в передаче современного, но столь же безрадостного, как и в монологе акына XIX века, бытия» [6,78]. Бұдан басқа Ақан серінің өзінің сәйгүлігі Құлагерге арнаған «Құлагер», «Маңмаңгер» деген әндері болса, А. Қоразбаевта осы тақырыпта «Тайбұрыл» деген әні белгілі. Жалпы музыкатану ғылымында тақырыптардың немесе шығарма атауларының қайталануын жанрлық дубльдар дейді. Қазақтың кәсіби әншілік өнерінің негізін қалаған, XIX ғасырдағы сал-серілер өнерін өз шығармашылығына енгізіп оны жалғастыра білген сазгер Алтынбек Қоразбаевтың бұл тағы бір жаңашылдығы.

1980-ші жылдары шыққан А.Қоразбаевтың әндерінің бірі «Сағындым Алматымды» деген әні еді. Бұл әнді әуелде композитордың өзі орындап жүрген. Кейіннен, Алматыға Ресейден гастрольдік сапармен келген Валентина Толкунова деген орыс әншісі бұл әнді өзінің репертуарына енгізіп орындаған. Бұл оқиғаны композитордың өзі былай деп еске алады: «1982 жылы Ресейдің халық әртісі Валентина Толкунова осы «Сағындым Алматымды» әнін алғаш рет өз орындауымда естіп: «товарищ директор, это великолепная песня, я выучу ее» деп өзінің тілегін білдіреді. Сөйтіп, сол күні өзімен бірге жүрген Оскар Волин деген азаматқа орысша мәтінін жаздырып, келесі күні өзінің концертінде, бір шумағын орыс тілінде айтып, бір шумағын қазақ тілінде айтып, алғаш рет «Сағындым Алматымды» әнін үлкен сахнаға алып шықты» [7,43]. Мұндай үлкен әншінің қазақ композиторының әнін орындап шығуы бүкіл қазақ халқы үшін абырой әрі жаңалық болды.

Қазақ композиторларының көбісі ән сөздерін қазақ ақындарына жаздырады. Алтынбек Қоразбаевтың шығармашылығында қазақ пен қырғыз халықтарының достығына арналған бір ән бар. Ол – Қырғызстанның белгілі қоғам қайраткері, ақын Ақбар Рысқұловтың сөзіне жазылған «Қазақ қырғыз арасы» деген ән. Бұл ән осы күнге дейін қазақ және қырғыз сахналарында орындалып келеді. Бауырлас ұлт ақындарымен шығармашылық байланыста болып, оларға ән сөздерін жаздыру – қазақ композиторлар шығармашылығында болмаған құбылыс.

Композитор Алтынбек Қоразбаев қазақ өнеріне тағы бір жаңашылдық енгізді. XX-шы ғасырдың 70-80- шы жылдарына дейін қазақтың домбырамен айтылатын әндері тек жеке дауыста ғана айтылып келді. 70-ші жылдардың ортасында А.Қоразбаев қызмет бабымен Жамбыл қаласына (қазіргі Тараз қаласы) ауысып, сол жерде «Алатау» ансамбілін құрады. Осы ансамбльде жүріп ән-домбырашылар триосын құрады. Бұл қазақ музыка өнері тарихында осындай құраммен алғаш рет құрылған трио болатын. Алғашқы кезде Мұхтар Рахманқұлов, Алтынбек Бекмұратов және өзі қосылып айтатын. Алғашқы кезде халық әні «Желбір жекен», кейіннен өзінің шығарған «Сырғалым», «Әгугай домбыра» тағы басқа әндерін қосылып айтты. Үш дауыста, үш домбырашының орындаған әсем әндері көпшіліктің көңілінен шықты. Бұл, композитор Алтынбек Қоразбаевтың қазақ өнеріне енгізген тағы бір жаңаша бағыты еді.

Кейіннен, композитордың өзі жеке шығармашылықпен айналысып, әндерін шәкіртерімен дуэтпен де орындап жүрді. Мысалы: «Ақ дегелек», «Сағыныш саздары» деген әндерін шәкірті Мейрамбек Бесбаевпен орындады. Уақыт өте келе дуэтпен айтылатын әндер тыңдарман халықтың құлағына әбден сіңіп, әнді дуэтпен орындау әбден үйреншікті жағдай болып кетті.

Композитор Алтынбек Қоразбаевтың шығармашылығын терең зерттеп, оның әндері, жаңашылдықтары туралы әлі ұзақ жазуға болады. Ендігі бағытымыз оның әндерінің шығу тарихы, көркемдік стильдік ерекшеліктері туралы болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрдәулет Ақыш. Алтынбек Қоразбаев. Деректі повесть. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2003ж.-140 бет.
2. Бабижан Б. Қазақтың жүз кара өлеңі. – Алматы: Сорос-Қазақстан қоры, 2002 – 256 б.
3. Сейдімбеков А. Мың бір маржан.– Алматы, «Өнер», 1989 г. - 256 б.
4. Ақатаев С. Інжу маржан секілді.- Алматы, “Өнер”, 1995 ж.
5. Оразақын А. Қара өлең. – Алматы, «Жалын», 1997 ж.
6. Абдрахман Г. Современное самодетельное песнетворчество в казахской музыкальной культуре. – Алматы: Фонд Сорос-Казахстан, 2002- 176 стр.
7. Қоразбаев А. «Әнімді саған арнадым» - Алматы. «Астана Медиа Пресс» баспасы, 2008 – 248бет.

УДК 130.12

ОТ ИДЕИ СОЗДАНИЯ СВЕРХЧЕЛОВЕКА ДО ЕЕ РЕАЛИЗАЦИИ: АНАЛИТИЧЕСКОЕ РАССУЖДЕНИЕ

Гарифуллин Айрат Андалисович,
Кизько Илья Петрович

www.greentrees@mail.ru, ikizko@gmail.com

Студенты факультета трубопроводного транспорта Уфимского Государственного Нефтяного Технического Университета, Уфа, Российская Федерация
Научный руководитель – Сабирова Е.Н.

Процесс общественного развития с давних времен задавал для человечества новые, не поддающиеся стандартным представлениям вопросы. Одним из направлений мысли является вопрос развития человека как существа, его естественных качеств и приобретения необыкновенных способностей и умений, не свойственных от природы. С течением лет такие размышления выделились в дискуссии о возможности создания «сверхчеловека», который смог бы преодолеть границы жизненного цикла, победить болезни, достичь пика личностного развития.

В настоящей работе рассмотрена историческая динамика представлений о том, «кто есть сверхчеловек? Это божество, полубог, герой, супермен или биоробот?». На основании наиболее значимых философско-религиозных трудов произведен анализ развития идей о сверхчеловеке, а также представлены рассуждения о возможности воплощения концепций ученых в жизни.

Идея создания сверхчеловека берёт свои корни в далёком прошлом. Древние устные источники: мифы, легенды и предания – унесли в себе концепцию человека, обладавшего сверхсилой, способного помочь слабому, обездоленному. Впервые философско-научное описание сверхчеловека можно встретить в трудах античного автора Лукиана. Он сформировал образ наиболее счастливого, красивого, «выше других на царский локоть» человека [1]. Значительное развитие идея получила во множестве религиозных учений, в которых таковым считают божьих посланников, как, к примеру, Иисус в христианстве, Будда в буддизме и т.д. С точки зрения религии, сверхчеловек есть существо, которое, прежде всего, стремится улучшить себя и свои качества. Например, быть покорным, целомудренным, справедливым.

Иной подход к настоящему вопросу имел немецкий философ Ф.Ницше. В противовес позиции религий он утверждал, что Бог умер, а размышления о божестве невозможны: «умер Бог метафизики». По его мнению, новым «божеством» становится существо, обладающее совершенством, а именно сверхчеловек –«Übermensch». Ницше считает образцом сверхчеловека персидского пророка Заратустру, который становится героем его книги «Так говорил Заратустра». В своем труде философ отмечает, что для превращения в сверхчеловека